

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ КОРЕЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ «ЖҮРЕК» КОНЦЕПТІСІ

Аннотация: Бұл мақалада қазақ және корей тілдеріндегі «жүрек» концептісіне салыстырмалы талдау жасалды. Корей және қазақ тілдері типологиялық агглютинативті, алтай тілдер тобына жата- тындықтан ұқсас тұстары көп. Зерттеу жұмысы қазақ және корей тілдерінің паремиялары мен фра- зеологиялық бірліктері негізінде жүргізілді. Кез-келген халықтың паремиялар мен фразеологизмдер қорында елдің менталитеті, мәдениеті, дәстүрлер мен фольклорының бейнесі кескінделген. «Жүрек» туралы қазақ және корей халқының түсінігі ұқсас. Талдау нәтижесінде корей және қазақ тілдеріндегі «жүрек» концептісінің лексика-семантикалық жағынан мағыналары ұқсас екендігі, алайда қолданы- луында және грамматикалық, морфологиялық айырмашылықтары анықталды.

Түйіндемә сөздер: концепт, паремия, фразеологиялық бірліктер, жүрек, соматизм, қазақ тілі, ко- рей тілі.

КОНЦЕПТ «СЕРДЦЕ» В КАЗАХСКОМ И КОРЕЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация: В данной статье проведен сравнительный анализ концепта «сердце» в казахском и корейском языках. Корейский и казахский языки имеют много сходства, так как являются типоло- гически агглютинативными и относятся к алтайской группе языков. Исследовательская работа про- водилась на основе паремий и фразеологизмов казахского и корейского языков. В фонде паремий и фразеологизмов любого народа отражены менталитет, культура, традиции и фольклор страны. Понятие «сердце» у казахского и корейского народов схожее. Результат сравнительного анализа по- казал, что концепт «сердце» в корейском и казахском языках имеет схожие лексико-семантические значения, а также грамматические и морфологические различия в употреблении.

Ключевые слова: концепт, паремия, фразеологические единицы, сердце, соматизм, казахский язык, корейский язык.

THE CONCEPT «HEART» IN KAZAKH AND KOREAN LANGUAGES

Abstract: This article provides a comparative analysis of the concept of «heart» in the Kazakh and Korean languages. Korean and Kazakh languages are typologically agglutinative, have many similarities, since they belong to the Altaic group of languages. The research work was carried out on the basis of paremias and phraseological units of the Kazakh and Korean languages. The fund of paremias and phraseological units of any nation reflects the mentality, culture, traditions and folklore of the country. The concept of «heart» in the Kazakh and Korean peoples is similar. As a result of the analysis, it was found that the concept of «heart» in the Korean and Kazakh languages has similar lexical and semantic meanings, but has grammatical and morphological differences in use.

Key words: concept, paremias, phraseological units, heart, somatism, Kazakh language, Korean language.

Кіріспе.

Әр тілдегі әлемнің бейнесі әртүрлі болып келеді. Әлем бейнесі – ол ғаламның бейнесі, адам- зат баласының осы күнге дейінгі жұмсаған күш- жігерінің жемісі. Ол бүкіл жер шарының бір-бірі- мен өзара түсіністігі мен өзара қарым-қатынасы нәтижесінде пайда болды. Оған бүкіл әлеммен орнатылған күнделікті байланыс пен тұлғаның жеке іс-әрекеті жатады.

Адам тіл мен табиғаттың арасындағы делдал болып табылады. Тек қана сезім мүшелерінің ар- қасында адам өзін қоршаған табиғатты сезініп, түйсінеді. Ол өзінің ішкі сезімдерін тек вербалды түрде, яғни ауызша, сөзбен ғана басқа адамдар- мен бөлісе алады. Әрине сурет салу, мүсіндеу ар-

қылы да адам ішкі сезімдерін жеткізеді, дей тұр- ғанмен ол шығармашылық туындыны көрген әр бір адам өзінше түсініп, өзінше қабылдайды. Сол себепті нақты не сезініп, не түсініп тұрғанын бір адам екінші адамға тек сөзімен ұқтырады.

Тілдің маңызды функцияларының бірі ұлттық- мәдени кодты қалыптастыру болып табылады. Сондықтан оның рөлі тек ақпаратты жеткізумен ғана шектелмейді, ол сонымен қатар тыдаушы- ларға мағыналық-құрылымдық, тарихи-мәдени тұрғыда әсер ете алады. В. Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф жасаған лингвистикалық-салыстырмалық тұжырымдама-ларына сәйкес, кез-келген тіл оны қолданатын немесе жасап шығарған адамдар- дың айналасында руханияттың белгілі бір шең-

берін түзеді. Осылайша, әр тіл этникалық топтың өміріне байланысты өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Мұнда тілдің фразеологиялық және паремиялогиялық жүйесі ерекше рөлге ие. Өйткені бұл лингвомәдени менталитеттің түйіні. Дәл осы тұрақты тіркестердің көмегімен тілдің эстетикалық бейнесі толығымен ашылады. Сондай-ақ, паремиялар тілдің дамуына барынша әсер етеді, оларды бекітудегі негізгі фактор оның көркемдігі болып табылады.

Сөйлеушілер әдетте тілдің тек коммуникативті функциясын ғана емес, сонымен бірге эстетикалық функциясын қатар қолдануға тырысады [М. Алдиева, 2020, 115 б.]. Бұл функцияны, әсіресе, шығыс менталитетінің адамдары қолданады.

Әр тілде әлемнің өзіндік тілдік бейнесі бар, соған сәйкес сөйлеуші сол тілдегі мәлімдеменің мазмұнын ұйымдастырады. Дәл осылай әр тілде сөйлейтін адамның әлемді қалай қабылдайтыны туралы бейне қалыптасады.

Әлемнің тілдік бейнесі дегеніміз – белгілі бір тілдік ұжымның санасында қалыптасқан әлем туралы түсініктердің жиынтығы. Мысалы бір тілдергі жағдай шет тілде сөйлеушілерге белгілі бір мәдени ассоциация туындатуы. Бұл жағдай оларға түсінікті болуы да, болмауы да мүмкін.

Тіл білімінде паремиялар өзінің бейнесіне байланысты мәдени концепттерді айқын көрсететін тілдің бөлігі болып табылады. Паремиялардың негізінде дүниетанымның сипаттамалық белгілері, халықтың менталитеті көрініс табатындықтан Ұлттық лингвомәдениет ұғымына тілдің ішкі формасы және ондағы халықтың рухын бейнелеу идеясымен байланысқан тілдік құбылыстардың кең ауқымы кіреді [Ә. Сайлауқенова, 2020, 309 б.].

Әлемнің фразеологиялық бейнесінің ұлттық-мәдени компоненті халықтың, белгілі бір тілде сөйлеушілердің мәдени-тарихи дамуының ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге мәдени ұғымдарды тілде, оның ішінде фразеологиялық бірліктердің құрамында қолдануда көрініс табатын халықтың өмір салтының негізін құрайтын қазіргі ақиқатты вербалды түрде бейнелеу механизмін көрсетеді. Мәдени концептілердің әртүрлі құрылымдық тілдердегі тұрақты тіркестердің құрамдас бөлігі ретінде жұмыс істеу ерекшеліктерін контрастивті зерттеу әр халықтың тілдік бейнесіндегі фразеологиялық бірліктерінің бірегейлігін анықтау үшін бай ғылыми материал береді.

Фразеологиялық бірліктер тобында «мақал-мәтелдер» сөз тіркесін көбінесе сараламастан қолданады. Бұл тіркес фольклорлық жанрдың жалпы атауы ретінде қолданылады және тек онда айтылған екі түрдегі белгілерді білдірмейді. Олардың барлығын (мақалдар, мәтелдер, тұрақты тіркестер, жаңылтпаштар, халықтық афоризмдер, нақыл сөздер) жалпы термин - «паремия» біріктіреді.

Тілде көрініс табатын әлемді қабылдау антро-

поцентрлік болып табылады. Бұл кеңістікті бас-тапқы өлшеу параметрлерін анықтайтын нәрсе - адам денесі. «Адам өзін-өзі тану арқылы қоршаған әлемді түсіне бастады. Сондай-ақ осы арқылы адам айналасындағы әлемді мәденилендіре бастады. Басқаша айтқанда, өзін-өзі тану арқылы адам әлемді сипаттауды үйренді, ол өзі туралы білімдерді қоршаған ақиқатқа экстраполяциялады (бұл мәдениеттің соматикалық кодында жазылған). Қоршаған әлемді мәденилендіру және түсіну арқылы адам қайтадан өзін-өзі сипаттауға оралды» [Р. Ардаширова, 2011, 279 б.].

Зерттеу әдістемесі. Бұл мақалада «жүрек» соматизмі бар қазақ және корей паремиялары салыстыра талданды. Себебі қазіргі таңда тіл білімінде адамның ең маңызды артықшылықтары – ақыл-ойы, рухани жан дүниесі және дене мүшелері мен сезім мүшелерін зерттеу өзекті мәселенің біріне айналған. Адамның рухани жан дүниесінің құрамдас бөліктерін зерттеу әлдеқайда қызықтырақ, өйткені оны тіл арқылы ғана жеткізуге болады. Сондай-ақ екі тілдегі «жүрек» концептісі екі халықтың да рухани болмысын көрсететін маңызды концепттердің бірі болып есептелетіні сөзсіз. Сонымен қатар бұл мақалада салыстыра талданған зерттеу нәтижелері корей тілін оқитын студенттерге ғана емес, аударма саласында жүрген мамандарға да зор көмегі тиері анық. Өйткені аудармашының басты міндеті сөзді тура мағынасында аудару емес, оны халық менталитетіне, түсінігіне сай етіп аудару.

Соматизмнің құрамдас бөлігі бар тұрақты тіркес немесе соматикалық тұрақты тіркес деп, әдетте, жетекші немесе тәуелді компоненті адам ағзасының сыртқы физикалық формаларын (бас, қол, мұрын және т.б.) ғана емес, сонымен қатар жүрек-тамыр, жүйке және басқа жүйелердің элементтерін (қан, өкпе, ми, бауыр және т. б.) білдіретін сөз болып табылатын тіркестерді айтады. Дәл осы тұрақты тіркестерді таңдау соматикалық компоненттердің кез-келген тілдің паремиялық қорының коммуникативті маңызды және жоғары өнімді бөлігі екендігіне байланысты. «Мәдениеттің соматикалық немесе физикалық коды – әлемдегі барлық ұлттық-мәдени бейнесіндегі маңыздылығы бойынша кодтарды жіктеудегі негізгісі» [Е. Романова, 2007, 37 б.].

«Жүрек» концептісі адамның ішкі рухани жан дүниесі мен ақыл-ойының қайнар көзі ретінде анықталады. Жүрек – ол тек қана эмоция мен сезімдерді сақтайтын жер емес, сондай-ақ адам өмірінің рухани, психологиялық һәм физикалық орталығы. Ескіліктің халқы ең негізгі ойлау мүшесі бас(ми) емес жүрек деп есептеген. Мысал үшін ежелгі египеттіктерде мынандай даналық сөз бар екен: «тіл жүректің ойындағысын айтады». Ал қазақ тілінде мынандай мақал да бар: Ақымақтың ақылы білегінде, Ақылдың ақылы жүрегінде. Яғни ақылды адам – жүрегімен ойлай білетін адам. Сондықтан жүрек қабілетіне ақыл-ой

функцияларының барлығы кіреді: ойлау қабілеті, қалау, сезіну. Себебі ол шешім қабылдай алады. Мысалы: жүрек қалауы, жүректің әні немесе жүрек ән салады, жаралы жүрек, жүрек мұңы және т.б. Осы сияқты тіркестер көбінесе фразеологиялық бірліктер мен паремияларда көп кездеседі. Өйткені осы арқылы адамның рухани және физикалық тұрғыдан қоршаған ортасындағы әртүрлі объектермен қарым-қатынасы айқындалады. Сондай-ақ дәл осы паремиялар арқылы талдау жүргізер болсақ кез келген концептің әртүрлі тілдегі көріністері анық және дәлірек айқындалады.

Қазақ тіліндегі «жүрек» - ол адам денесінің ең маңызды мүшесі, адамның рухани өмірінің орталығы болып табылатын сезімдер мен эмоцияға толы мүше. Корей тіліндегі «жүрек» те қазақ ті-

ліндегі жүреппен ұқсас қызметтер атқарады. Ол – адам организмінің орталығы, өмірлік күштің қайнары, сондай-ақ оның атқаратын ең маңызды қызметі эмоция мен түрлі жай-күйді сезіну.

Жалпы әлемнің қарапайым тілдік бейнесінде қалыптасқан жүректің мынандай когнитивті белгілері бар: а) қанайналымның орталық мүшесі; ә) сезімдер мен эмоцияның тоғысатын орны; б) орталық, ішкі бөлік; в) жүрек формасы бар заттар; г) сүйікті адамға айтылатын қаратпа сөз; ғ) кеуденің сол жақ бөлігі.

Зерттеу нәтижесі. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі»[Б. Қалиев, 2014, 224 б.] мен «Корей тілінің үлкен сөздігіндегі»[우리말큰사전, 1992, 602 б.] жүрек лексемасының түсіндірмесі біршама сәйкес келеді.

1- кесте. «Жүрек» сөзінің екі тіл сөздігіндегі мағыналарының кестесі

Екі тілдегі «жүрек» лексемасының түсіндірмесі	Қанайналым жүйесінде қанды тамырларға айдайтын өмірлік маңызы бар дене мүшесі	Ауыспалы мағынада бір нәрсенің, орынның орталығы.	Ауыспалы мағынада адамның рухани қасиеттер, адамның мінезі.
Қазақ тіліндегі мысалдар	Мен оны көрген кезде жүгерім тоқтап қалғандай болды.	Кітапхана – университеттің жүрегі.	Жүрегі кең.
Корей тіліндегі мысалдар	내가 그 사람을 봤을 때 심장이 멎었던 것 같았다.	도서관은 대학교의 심장이다.	심장이 크다.

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғандарыңыздай екі тілде де «жүрек» лексемасының мағынасы «адам дене мүшесінің қан айналымға қатысатын ең маңызды органы», «бір нәрсенің орталығы», «адамның мінезі мен рухани қасиеттері» дегенді білдіріп тұр. Бұл қазақ және корей халықтарының қабылдауындағы маңыздылығын көрсетеді. Дей тұрғанмен ескерте кететін бір жайт, ол корей тіліндегі «가슴»(кеуде) сөзі көбі-

несе «심장»(жүрек) сөзінің синонимі болып келеді. Оның себебі – жүрек адамның кеуде тұсында орналасқан дене мүшесі болғандықтан. Сондықтан кейбір тұрақты тіркестерде «가슴»(кеуде) сөзі кездесетін болса ол бізше «жүрек» болып қала бермек.

Қазақ және корей тіліндегі жүрек соматизміне қатысты паремиялар төмендегі кестеде көрсетілген.

2-кесте. «Жүрек» соматизмі бар сөз тіркестерінің кестесі

Қазақ тілінде	Корей тілінде	Аудармасы
Жүрегі қарс айырылу	가슴이 찢어진다	Жүрегі жыртылу
Жүрегі (жаны) ауыру	마음이(가슴이) 아프다	Жаны(жүрегі, кеудесі)ауыру
Жүрегі жанды	가슴이 타다, 가슴에 불붙다	Кеужесі жанды, жүрегі өртенді
Жүрегі жылы	가슴이 뜨겁다	Жүрегі ыстық
Жүрегі суыды	가슴이 서늘해지다	Жүрегі(жаны) суыды
Жүрегі орнына түсті	가슴이 트이다	Жүрегі жеңілдеу
Жүрегі соғу	심장이(가슴이) 뛰다	Жүрегі(кеудесі) соғу
Жүрегі сыздау	가슴이 아리다	Жүрегі сыздау, ауыру
Жүрек кесті	가슴이 뜨끔하다	Жүрегі мазасыз
Жүрегі өрекпу	가슴이 벅차다	Жүрегі толу/толықсу
Жүргіне тас боп қатты	가슴에 칼을 품다	Жүрегінде қанжар ұстау
Жүрегі тасқа айналды	가슴이 막히다	Жүрегі бітелу
Жүрегі дүрсілдеу	심장이(가슴이) 두근거리다	Жүрегі дүрсілдеу
Жүрегі елжіреу	가슴이 뭉클해지다	Жүрегі елжіреу
Жүрегі кең	심장이 크다	Жүрегі үлкен

Кестеде көрсетілгенде жүрек соматизмі бар паремиялар адамның түрлі сезімдерімен байланысты. Ол қайғы, меланхолия, қуаныш, алаңдаушылық және т.б. Сонымен қатар адам ниетіне қатысты да тіркестер бар. Тұрақты тіркестердің құрамында етістік және сын есіммен біріге отырып жүрек лексемасы адам бойындағы әртүрлі сезімдерді білдіре алады.

Қазақ тіліндегі «жүргі қарс айырылу» [І. Кеңесбаев, 2007, 120 б.] деген тұрақты тіркес адамның қатты күйініш немесе қуаныш сезімін сезініп тұрғанын білдіреді. Бұл тіркестің корей тіліндегі эквиваленті «가슴이 찢어진다» [Лим Су, 2003, 92 б.], бұл тіркесті сөзбе сөз аударар болсақ «жүрегі жыртылу» болады. Дегенмен де «жыртылу» етістігі мен «айырылу» етістігінің екеуі де жүректің екі бөлікке бөлінетіндігін білдіріп тұрғандықтан бұл тұрақты тіркестер бір біріне эквивалент болып табылады. Яғни екі тіркес лексика-грамматикалық құрылымы жағынан да, семантикалық жағынан да ұқсас деген сөз.

Екі тілде де «жүрек» лексемасы адам немесе жануардың дене мүшесін білдіріп қана қоймай, сонымен бірге адамның жан дүниесі мен эмоциясын білдіріп тұр. Екі тілде де «жүрек» пен «жан» сөздері бір-біріне синоним болуы тегін емес. Мысалы: жүрегі(жаны) ауырды – 마음이(가슴이) 아프다; жүрегі от боп жанды, жаны күйді – 가슴에 불붙다, 가슴이 타다; жүрегі жылы - 가슴이 뜨겁다; жүрегі суыды - 가슴이 서늘하다; жүрегі орнына түсті - 가슴이 트이다.

Дискуссия. Сонымен қатар қазақ және корей тілдеріндегі жүрек соматизмінде әр тілдің өзіне тән ерекшеліктері де жоқ емес. Мысалы қазақ тіліндегі жүрегі соғу деген тіркес тірілді, жаны кірді деген мағына беретін болса, корей тіліндегі 심장 이 뛰다 (жүрегі соғу) – алаңдау, қобалжу деген мағынаны береді.

Сондай-ақ қазақ тіліндегі жүрегі орнына түсті деген тіркес пен корей тіліндегі 가슴이 내려앉다 деген тіркес бір бірмен лексикалық жағынан ұқсас болса да, семантикалық жағынан мүлдем ұқсамайды. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестің мағынасы көңілі жайланды, жүрегі жай тапты, қорқынышы кетіп өзіне-өзі келді деген мағынаны беретін болса, корей тіліндегі тіркес шошу, қатты қорқу деген мағынаны береді. Осылайша бұл екі тіркес мағыналық жағынан бір-біріне антоним болып табылады.

Екі тіл мәдениетіндегі ерекшелікті көрсететін мына бір паремияларға назар аударайық. Қазақ тіліндегі «жүрегіне тас боп қатты», ал корей тіліндегі 가슴에 칼을 품다 (жүрегіне қанжар ұстау) деген паремиялар құрамындағы лексемаларының әр түрлілігіне қарамастан семантикалық жағынан алып қарағанда кек сақтау деген мағынаны береді. Яғни, бұл тіркестер өзара синоним болып тұр. Тағы да бір өзара синоним болып тұрған жүрегі тасқа айналды және 가슴이 막히다 (жүрегі бітелді) деген тұрақты тіркестердің етіс-

тіктері мүлде бөлек. Алайда екі тіркес те адамның қатты уайым-қайғыдан арыла алмай, басқа адамдардан рухани әлемі мен эмоциялық жәй-күйі жағынан бөлектеніп қалғанын білдіреді.

Келесі кезекте мағыналары әр түрлі бола тұра құрамындағы лексемалары бір-біріне ұқсайтын мақалды қарастырамыз. Корей тіліндегі «손이 차가운 사람은 심장이 뜨겁다» (қолы суық адамның жүрегі ыстық) мақалы қазақ тіліндегі «Жүректің жолы – ыстық, Білектің жолы – суық» [Бабалар сөзі, 2011, 197 б.] деген мақалмен бір қарағанда мағынасы бірдей көрінеді. Екеуінде де білек, қол, жүрек сынды соматизмдер мен ыстық, суық, жылы сынды температураны білдіретін сын есімдер бар. Дегенмен корей тіліндегі мақалдың мағынасы сырт көзге салқын қанды және қатал көрінетін адамдар шын мәнінде эмоцияналды және сезімтал болып келеді дегенді білдіреді. Ал қазақ тіліндегі мақалдың мағынасы аты айтып тұрғандай қандай да бір мәселе туындаса оны білектің күшімен емес, жүрекпен ойланып барып шешу керек дегенді білдіреді. Яғни, бұл мақалдың түпкі мағынасында адамзатты қатыгездіктен аулақ болуға, және мейірімді болуға шақыратын моральдық таным жатыр.

Келесі мақалдардың лексемалары толықтай ұқсас болмағанымен түпкі мағынасы бір. Корей тіліндегі «미련한 놈 가슴의 고름은 안 녹는다» (Ақымақтың жүрегіндегі мұз ерімейді) деген мақал мен қазақ тіліндегі «Жүрегінде мұз жатса, аузынан жылы сөз күтпе» деген мақалды құрамы жағынан қарастырар болсақ, екеуінде де жүрек және мұз деген лексемалар бар. Бұл жердегі «мұз» ол қатыгездіктің, сақталған кектің белгісі болып тұр. Яғни, корей тіліндегі мақалдың мағынасы ақымақ адам бір рет кектенсе оны ешқашан ұмытпайды, ал жүрегінде кегі бар адам қатыгез дегенді білдірсе, қазақ тіліндегі мақал қатыгез адам ешкімге ешқашан жылы көз айтпайды деген меңзейді. Басқаша айтқанда қатыгез адам өзгермейдігіе саяды.

Қорытынды. Қорытындылай келе, қазақ халқы да корей халқы да «жүрек» соматизмін жағымды және жағымсыз, әр түрлі сезімдерді сезінетін сезім мүшесі ретінде қабылдайтыны, сонымен қатар ұқсас тұстары мен ерекшеліктерінің бар екендігі анықалды. Қарастырылған мысалдар мен кестеде келтірілген мәліметтер қазақ және корей тілдерінің паремиялық жүйелерінде «жүрек» соматизмі адамның ішкі әлемін ашатын орган ретінде маңызды рөл атқаратындығын көрсетті. Екі тілде де «жүрек» концептісінің өзіндік сипаты болғанымен ортақ тұсарының көп екені белгілі болды. Дей тұрғанмен соматизмдерді қабылдаудағы ұлттық ерекшеліктері мен қазақ және корей мақал-мәтелдерінің, тұрақты тіркестерінің бейнелі құрылымындағы айырмашылықтар анықталды. Құрылымындағы айырмашылыққа қарамастан тұрақты тіркестердің мағынасы көп жағдайда ұқсас болып келетіні екі тілдің де

алтай тіл тобына жататын, типологиялық агглютинативті тілдер екендігі себебінен. Осылайша, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер арнайы

коммуникативті бірліктер ретінде бүкіл адамзат, белгілі бір ұлт, тап, әлеуметтік немесе кәсіби топ және т.б. үшін ортақ ойларды білдіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алдиева М.Ш., Рамазанова Р.Т. «Концепты «Сердце» и «Душа» в английской и арабской языковых картинах мира» Гуманитарные и социальные науки, № 2, 2020, 114-122 с.
2. Сайлаукунова Ә.Е., Белялова А.Е. «Көңіл-күй, сезім» тақырыбына қатысты корей және қазақ тілдерінің паремияларына салыстырмалы талдау // Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». – Астана, 2020. № 6/4 2020 – 308-312 б.
3. Ардаширова Р.Б. «Эмоциональная специфика фразеологических единиц с концептом «Сердце» (на примере русского и татарского языков)» Знание. Понимание. Умение, № 2, 2011, 278-280 с.
4. Романова Е. А. «Национально-культурная специфика концепта сердце в английской и немецкой языковых картинах мира» Известия Волгоградского государственного педагогического университета, № 5, 2007, 35-41 с.
5. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / - Алматы : Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014 . - 728бет
6. 우리말 큰사전. 한글학회/ 어문각/ 1991년 초판/ 5496쪽 (Корей тілінің үлкен сөздігі. Корей тілі қогамы/ Омунгак/1991. 5496 бет.)
7. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі Алматы: ҚазАқпарат, 2007. - 356 бет.
8. Лим Су. 한민족의 금언 (Корей халқының алтын сөздері). Санкт-Петербург, 2003. 360 б.
9. Бабалар сөзі: Жұзтомдық. – Астана; «Фолиант», 2011. Т.69: Қазақ мақал-мәтелдері. 440 бет.

REFERENCES

1. Aldieva M.Sh., Ramazanova R.T. «Koncepty «Serdce» i «Dusha» v anglijskoj i arabskoj jazykovyh kartinah mira» Gumanitarnye i social'nye nauki, № 2, 2020, 114-122s.
2. Sailaukenova A.E., Belyalova A.E. «Konil-kuj, sezim» takyrybyna katysty korej zhane kazak tilderninin paremijalaryna salystyrmaly taldaу // Halykaralyk gylymi-kopshilik zhurnal «Kazakstannyn gylymy men omiri». – Astana, 2020. № 6/4 2020 – 308-312 b.
3. Ardashirova R.B. «Jemocional'naja specifika frazeologicheskikh edinic s konceptom «Serdce» (na primere russkogo i tatarskogo jazykov)» Znanie. Ponimanie. Umenie, № 2, 2011, 278-280 s.
4. Romanova Ekaterina Anatol'evna. «Nacional'no-kul'turnaja specifika koncepta serdce v anglijskoj i nemeckoj jazykovyh kartinah mira» Izvestija Volgogradskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta, №5, 2007, 35-41s.
5. Kaliev B. Kazak tilinin tusindirme sozdigi : 50 mynga zhuyk soz ben soz tirkеси / - Almaty : Memlekettik tildi damytu instituty, 2014 . - 728.b
6. 우리말 큰사전. 한글학회/ 어문각/ 1991년 초판/ 5496쪽 (Korej tilinin ulken sozdigi.Korej tili kogamy/ Omungak/1991. 5496 b.)
7. Kenesbaev I. Kazak tilinin frazeologijalyk sozdigi Almaty: KazAkparat, 2007. - 356 b.
8. Lim Su. 한민족의 금언 (Korej halkynyn altyn sozderi). Sankt-Peterburg, 2003. 360 b.
9. Babalar sozi: Zhuztomdyk. – Astana; «Foliant», 2011. T.69: Kazak makal-matelderi. 440 bet.

Авторлар туралы мәліметтер:

Сайлаукунова Әйгерім Ерланқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Шығыстану факультеті, Қиыр Шғыс кафедрасының 2 курс магистранты, Алматы қ., Б. Соқпақбаев к-сі 1, 87759316201, aiko_98_vko@mail.ru

Белялова Айгерим Ермековна – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Шығыстану факультеті, Қиыр Шығыс кафедрасы, PhD, педагогика ғылымдарының докторы, Алматы қ., Қарасай ба-тыр к-сі 95, 87470638300, aigerim.belyalova@kaznu.kz